

Сандықтау ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 36/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 қазанда № 5008 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 2/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 06.04.2016 № 2/5 (қол қойылғаннан кейін күшіне енеді) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 444 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Сандықтау ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, Сандықтау ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемесі он есе жоғарылатылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

В.Миронов

*Аудандық мәслихат
хатшысы*

С.Клюшников

Келісілді

Сандықтау ауданының әкімі

А.Исмағамбетов

2015 жыл 11 қыркүйек

*"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитеті*

Мемлекеттік кірістер
департаменттерінің Сандықтау
ауданы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасы"
Республикалық мемлекеттік
мекеме басшысы

К.Батталов

2015 жыл 11 қыркүйек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК